Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2616-7174. ISSN (Online) 2663-2500
ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ / HISTORY OF JOURNALISM / ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-165-179

Қазақстандағы этнопублицистиканың тарихи даму негіздері

Н.Т. Данаева, Ж.К. Мергенғали

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: ndanaeva777@gmail.com, zhazimergenova@gmail.com)

Аңдатпа. Автор мақалада этникалық баспасөздің мазмұндық сипатын ашуды оның эволюциялық құбылысы мен ғылыми тұжырымдық болмысын зерттеп, әлеуметтік-тәжірибелік қызметін айшықтау арқылы жүзеге асырады. Жаһандану жағдайында ұлттық мүдде мен ұлттық құндылықтарды сақтауға қайшы келетін жағдайлардың орын алуына назар аударып, этнокөсемсөз саласының маңыздылығын ашуға көңіл бөледі. Этнокөсемсөздің еліміздегі ұлттар мен ұлыстар арасындағы тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік, экономикалық байланыстарға да ықпал ететінін ескертеді.

Ғылыми-зерттеу мақаланың мақсаты мен міндеттері – этнопублицистикаға ғылыми-теориялық жағынан тұжырымдар жасап, оның анықтамасын беру арқылы қоғамдық-саяси, тарихи-мазмұндық сипатын ашу. Этнопубли- цистиканың тарихи даму негіздері көпэтносты қоғамдағы этносаралық қа- тынас пен этномәдени ерекшеліктер арқылы талданады. Қазақстандағы ұлттық саясатты жүзеге асыру жолында этнокөсемсөздің алатын орнын айқындау үшін «Ахыска», «Давар», «Наири», «Коре Ильбо», «Уйғур авази» сияқты басылымдар зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

Мақалада бүгінге дейін этнопублицистикаға зерттеу жасаған ғалымдардың еңбектерін жан-жақты қарастыра отырып, этнокөсемсөз бағытының жеке сала тұрғысында зерттеу нысаны болмағандығына көз жеткізуден туындайды. Мәселенің шешімін табу мақсатында жүргізген зерттеудің жүйесі дәстүр мен жаңашылдық сипатын тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді.

Бұған дейін көсемсөздің мазмұны мен қолданбалы қызметі баспасөзде, телевизияда, радиода көрініс тапты. Тақырыптық жағынан ғылыми-тұжырымдамалар жасалып, терең қарастырылды десек болады. Ал осы жанрдың жеке түрі болып табылатын этнокөсемсөз (этнопублицистика) ғылыми саралаудан тұңғыш рет өтіп отыр.

Түйін сөздер: этникалық басылымдар, этнопублицистика, этносаралық қатынас, көпэтносты қоғам және этномәдени ерекшеліктер, этноконвергенция.

Кіріспе

Қазіргі медиақауымдастық ақпараттық алаң арқылы қоғамның барлық саласына өз ықпалын тигізіп отыр. Әсіресе, жаһандану жағдайындағы БАҚ-тың этноконвергенция үдерісін қалыптастырудағы маңызы айырықша екендігі байқалады. Соның ішінде этномәдени бірегейлікті сақтау үшін этникалық топтардың ақпаратын кеңістікте біріктіретін, ақпараттық қауіпсіздіктің алдын алатын жеке коммуникативтік жүйені қалыптастыратын алаңның қажеттілігі туындайды.

Этномәдени ұғымның ықпалдастығын арттыра түсетін зерттеу ісіне алғаш ден қойған этнограф ғалымдар С. Артунов пен Н. Чебоксаровтың пікірлеріне сүйенсек, этнологиялық дәстүр мен түрлі мәдени ерекшеліктерге сәйкес өзара қарым-қатынас орнатудың маңызы ерекше болып отыр. Осы ретте дүниенің тұтас құндылықтары мен тарихи ұғымдарын, сондай-ақ таңбалар жүйесін қалыптастыратын этностардың ұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік нормаларын реттеу қызметін атқаратын этникалық журналистиканың рөлі арта түседі [1].

Тарихшы ғалым И. Блохин «этникалық журналистика» ұғымын біржақты қарастырмау қажеттігін ұсына келіп, біз оны белгілі бір мемлекеттің тұрғылықты халықтарының немесе өз ана тілінде басылымдар шығаратын диаспора өкілдерінің журналистикасы деп тұжырым жасайтынымызды растайды. Бірақ соған қарамастан олардың мәдени ерекшеліктері мен ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін көтеретін журналистиканың бар екендігін де еске салады [1. 305].

Зерттеуші О. Богданов этникалық басылымдар туралы «этникалық мәселелерді қозғайтын немесе этникалық топтардың этномәдени қажеттіліктерін жүзеге асыруды міндеті деп санайтын БАҚ» деген тұжырым жасаған болатын. Орыс зерттеушісі А. Кондакова «этникалық БАҚ» деп Ресейдегі орыс ұлтынан басқа этностардың тілінде шығатын барлық басылымдарды атайды. Сонымен қатар И. Блохин «этникалық журналистика» мен «этножурналистикалық» ұғымдардың аражігін ажыратып көрсетуді жөн санайды. Мәселен, И. Куценко: «Этникалық журналистика – халықтың өз этникалық болмысын тану, этностың бірігуі мен нығаюы, мәдени ерекшеліктерін сақтау мен дамыту міндеттерін орындайтын журналистика» [2], – деген пікір білдіреді.

Яғни, этникалық журналистика жеке этнос өкілдеріне арналып, көп ұлттар мекендейтін аймақтарда көрініс табады. Оған тілдік ерекшеліктерге сәйкес мектептер, діни және қауымдастық орталықтардың қызметін насихаттап, қолдау білдіретін БАҚ-тарды атауға болады. Журналистика саласында «этникалық БАҚ», «этномәдени журналистика», «этномәдени БАҚ» терминдері белгілі бір нақты ғылыми тұжырымдар ретінде терминологиялық аппараты жоқ синонимдік қатар ретінде орын алып келді.

Кейбір ғылыми талдауларда немесе зерттеу мақалаларда кездесетін «этнокөсемсөз» ұғымы аракідік қолданыс тапқанымен жеке термин әрі дербес зерттеу көзі ретінде ғылыми айналымға түспеген. Педагогика ғылымдарының кандидаты И. Ленскийдің «1991-1997 жж. педагогикалық публицистикада ұлтаралық мәдени қатынастарды қалыптастыру мәселелері» атты диссертациялық зерттеу жұмысында этнопублицистика туралы аз ғана пікірлер кездеседі. Ал И. Блохиннің «Журналистика в этнокультурном

взаимодействии» [3] атты Оқу құралында, сондай-ақ И. Куценконың, А. Барсукованың ғылыми мақалаларында этнокөсемсөз туралы ой-тұжырымдар молынан ұшырасады.

Колорадо Боулдер университетінің профессоры Уильям Сафран этнопубличистика туралы: «Этнопубличистика саласы этникалық топтардың қоғамдық пікір мен саясатқа қалай әсер ететінін зерттеп, қоғамның әртүрлілікке деген көзқарасын қалыптастырудағы баспасөздің рөлін көрсетеді [4]», – дейді.

Жаһандық медиа зерттеулер орталығының негізін қалаушы директор, Оңтүстік Иллинойс Университетінің ғалымы Джон Даунинг: «Этнопубличистика тәжірибесі маргиналданған қауымдастықтарға дауыс беру маңыздылығын атап көрсетеді, осылайша инклюзивті және әділетті БАҚ ортасын қалыптастырады [5]», – деп баға береді.

Лондон экономика және саясат мектебінің БАҚ, мәдениет және әлеуметтік өзгерістер кафедрасының профессоры Шакунтала Банаджи: "Этнопубличистика стереотиптерді жоюда және негізгі БАҚ-та этникалық және мәдени әртүрлілікті терең түсінуді насихаттауда маңызды рөл атқарады» [6], – дейді. Ғалым жастар, балалар, этникалық медиа және кино туралы кеңінен мақалалар жазып, зерттеулер жүргізген. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарындағы шығыстану және нәсілшілдікке қатысты елуден астам талдамалы жанрдағы мақалаларын Африка мен үндістандық әлеуметтік топтарға арнаған. Оның соңғы жарияланымдарында жалған ақпарат пен жаңалықтар, креативтілік, демократия, интернет, әлеуметтік медиа және азаматтық қоғам мәселелері қозғалды.

Зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеуде этнопубличистиканың тарихи-мәдени сабақтастық қағидалары, жан-жақты сараптамалық талдаулар, ғалымдардың еңбектеріндегі зерттеу қорытындылары пайдаланылды.

Этникалық мерзімді басылымдардың ерекшеліктерін зерттеуде ТМД ғалымдарының еңбектерін атап өткен орынды. Айталық ф.ғ.д, профессор В.З. Гарифуллин татар баспасөзінің даму кезеңдеріне, татар тіліндегі мұсылман БАҚ-тың қалыптасу, даму мәселелеріне талдау жасаса, профессор Ф.Т.Кузбеков Башқұртстан бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы және этникалық мәдениеттің даму мәселелерін, профессор О.И.Лепилькина Солтүстік Кавказ федералдық өлкесіндегі этникааралық және келісім қатынастары мен осы мәселедегі БАҚ-тың рөліне баса назар аударады.

Ғылыми талдаулар тақырыпқа қатысты теориялық және эмпирикалық әдістерге сүйенеді. Мәселен, нақты мәліметтерді жинақтау үшін әртүрлі дереккөздерге назар аударылады. Онда мақалалар мен қолжазбалар, кітаптар, бейнебаяндар, БАҚ-тағы сұхбаттар және статистикалық мәліметтер зерттеледі.

Зерттеуде салыстырмалы-теориялық, тарихи-типологиялық, ғылыми және кешенді зерттеу әдістемелері көрініс табады.

Зерттеушілердің басым көпшілігі «этнос» ұғымын этникалық жүйелер жиынтығы ретінде талдап көрсетеді. Мәселен, этнос – халық, ал публицистика – сол халықтың тілі деген сөз. Яғни, қоғамдық пікір жазу арқылы жеткізіледі.

Нәтижелер мен талқылаулар. Этнос – бұл біріншіден мәдени-тілдік қауымдастық болса, ал көсемсөз осы қауымдастықтың өмір сүріп отырған ортасының саясатымен, философиялық көзқарасымен байланысты өрбитін халықтың рухани мұрасы, өткір мәселелерді уытты тілмен қозғайтын саласы болып танылатүседі.

Зерттеуші, философ ғалым А. Айталының пікірлеріне сүйенсек, қазіргі өмірдегі рухани игіліктер мен ынта-ықыластың ояну әлеуметтік әрі мәдени өзгерістерге негізделген. Кеңес Одағы ыдыраған соң мәдени кеңістік өзгеріп, этникалық, конфессиялық және басқа да сипаттар маңыз ала бастады. Жаңа қоғамдық субъектілер этностар мен конфессиялар пайда болды [7].

Ұлттық болмыс, ұлттық сана сезім кез келген халықта бар және ол адам бойында бала жастан қалыптасады. Мысалы, қазақтың ұлттық сана-сезімінде орыс, неміс, белорус, өзбек, қырғыз және басқаларды ұғыну болды. Өйткені олармен қарым-қатынас жасаудың тарихи тәжірибесі бар. Дәл, солай орыстың ұлттық сана сезімінде де немістердің, түріктердің, шведтердің, американдықтардың және бұрынғы Кеңестер одағы мен бүгінгі Ресей халықтарының образы бар.

Мысалы, А. Айталының ұсынған мәліметтеріне сәйкес, студенттердің этникалық мәдени тұрғыда қай жағына көбірек мойын бұратынын білу мақсатында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің экономика факультетінің студенттерінің пікірлерін білу үшін жүргізілген сауалнамада бірнеше сұрақтар қойылған. Оған университеттің 800 студентінің 15 пайызы қатысқан. Студенттерге «Бір ұлттың өкілі екінші ұлттың өкілінен ең алдымен несімен ерекшеленеді?» деген сұраққа ұлттың салты, мінез-құлқы, сыртқы кескіні, сонымен қатар психологиялық ерекшелігі аталған жауап көп дауыс жинаған. Ал «Сізді өз ұлтыңыздағы өзге адамдармен жақындастыратын не?» деген сауалға «ұлттың тілін меңгеру» деген жауап көп пайызды көрсеткен. Студенттерге «Егер сізге өзге тілді үйрену мүмкіндігі туса, сіз қайсысын қалар едіңіз?» деген сұрақ қойылғанда орыс студенттері қазақ тілін оқуға тілек білдірмеген. Қазақ, орыс және басқа ұлттың студенттері ағылшын тілін үйренуге ықылас танытқан. Сондықтан қазақ тілі әлі де болса қажеттілігі аз тілдің есебінде қалған. Біздің пайымдауымызша, бұл кемшіліктерді жою үшін біздің бай рухани мәдениетіміз бен игіліктерімізге ынта-ықылас артпайынша қазақ тілін өркендету мүмкін емес. Сондықтан осы бағыттарда көбірек қызметтер атқарылуы тиіс екендігі түсінікті жәйт.

Философ ғалым А. Айталы социализмге дейінгі кезеңде ұлттық мәдениеттер кеңестік идеологияға сәйкес болғандықтан, бұл үрдіс басқа этностардың мәдениетін таптау, дәстүрлі ассимиляциялау, мәдени-тілдік ортаны тарылту жағдайында жүргізілгендігін жеткізеді [7.18]. Сондықтан оның салдары мен себебі қазіргі қоғамға әлі де сезіліп отыр. Әлемдегі этностардың тілдік бейнесі тіл деңгейлері арқылы қалыптасады. Бұл жөнінде зерттеуші В. Гумбольдт: «Әр тіл, тіл иесіне өзіндік орта қалыптастырады. Егер бөгде халықтар ортасына ауысатын болған жағдайда, ол сол ұлтқа тән қасиеттерді қабылдауы тиіс. Сондықтан да шет тілін зерттеуде дүниеге жаңа көзқарас қалыптасады» [8], – деген. Этностардың тілі мен мәдениеті жайында шетелдік ғалымдар И. Гердер, Э. Лант, Л. Вайсбергер, Б. Уорф, Э. Кассирер, орыс ғалымдары А. Птебня, Н. Топоров, В. Иванов, А. Толстой, отандық ғалымдар Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Ә. Ахметов, Ж. Манкеева, Г.

Смағұлова, Р. Авакова, Г. Сағидолдақызы, А. Ислам т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері бар. Олар этнолингвистика, лингвомәдениет салаларына ерекше назар аударып, әлемнің тілдік бейнесі оның тілдік бейнелілігіне тәуелді екендігіне көз жеткізеді. Онда халық психологиясымен қатар дүниетанымы мен дүниеге көзқарасы, өмір салты айырықша көрініс табады.

Ғалым Ә. Қайдардың пайымдауынша, «Тіл әлемі дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі» [9].

Осыған қатысты ғалым А. Айтпаеваның зерттеулеріне сүйенсек, әлемнің тілдік бейнесінің көрінісіне мысал бола алатын халық бесіктерінің этномәдени маңыздарына тоқталуды жөн көрдік. Себебі этномәдени бұйым бесік түрлі ұлт өкілдерінің қолдану тарапынан ұлттық тұрғыда қабылдаудың, дүниетанымының дәлелді айғағы болмақ. Осыған орай автор мақалада қазақ, орыс, неміс бесіктерінің халықтар дүниетанымындағы рөлі мен оның бала тәрбиесіндегі мәнін ашуға тырысады. Әлемнің тілдік бейнесінің құрылуына себеп болатын этнолингвистикалық фактілерді келтіріп өтеді. Ең алдымен қазақтың «киелі ақ бесігінің» қасиетті, құтты мүлік әрі сәбидің алтын ұясы болып есептелетінін айтып, жаңа туған баланы бесікке салу халқымыз үшін елеулі дәстүрлердің бірі екендігін көрсетеді [10].

Бұл жөнінде қазақтың салт-дәстүрін терең зерттеген, әдебиетші-ғалым С. Кенжеахметұлы:

«Баланы бөлегенде бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Бесіктің бала тәрбиесіне көшіп-қонғанда түйеге артып жүруге, дене тазалығына, ұйықтауына, емізуге де ыңғайлы екендігі белгілі. Ал жақсы ұйқы баланың тез өсуіне аса қажет. Қазақ бесікті өте қадірлеген» [11], – дейді. Осы тұста Төле бидің «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі» деген сөзі де ұлттық бұйымның қадірлі екендігін дәлелдейді.

Орыс мәдениетінде де бесік – қадірлі бұйым. Ағаш бесікке кішкене көрпеше, жастық және шымылдық құрылады. Бесікті тербете отырып, ана баласына асыл тілегін жеткізеді. Бесік туралы кейбір жырларда ең қасиетті, ең ардақты бейнелер суреттеледі. Мысалы, қазақ халқы «ақ бесік» деп айтса, орыстар золотая, серебренная деп жырға қосады. Неміс халқының дүниетанымында этнос тарихымен астарласып келетін таңбалар бар. Олар да бесікті ерекше қастерлейді. Бесікте баланы ұйықтату мақсатында қолданады. «Бесік – кішкентай балаларға арналған тербелмелі төсек. Құрылымы жағынан неміс халқында екі түрі бар. Аспалы және жер бесік. Аспалы бесік ағашқа немесе ашаға ілінеді. Аспалы бесік тербелмелі жәшік ретінде 18-19 ғ. Еуропаның ауқатты жанұяларының сәбилеріне арналған. Мысалы, Барокко княздығының салтанатты бесіктері Парижде және Вена қаласының мұражайларында сақталған [11.33].

ХХ ғасырдан бастап қазақ даласындағы ірі қалалар мен аймақтарда тұратын этносаралық қарым-қатынас пен экономикалық жағдай туралы да зерттеу еңбектер жарық көре бастайды. Қазақ даласына отарлау саясатын жүргізіп, шұрайлы жерлеріне келімсектердің келуіне наразылық білдірген қазақ зиялылары да патшалық губернияның іс-қимылдарын ашық сынай түседі. Жергілікті халыққа жасалған әділетсіздік пен түрлі қысымдарға көңіл бөлген Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышпаев, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқайлар да өз еңбектерінде Түркістан өлкесінің саяси-әлеуметтік жағдайын шынайы тұрғыда көрсете білуімен ерекшеленді.

Ахмет Байтұрсынов патша өкіметінің отаршылдық саясатын терең әшкерелеп, ашық қарсылық танытты. Оның еңбектерінде қазақ халқының тұрмысы мен мінез-құлқы, шаруашылық әдістері туралы тың мәліметтер кездеседі. Міржақып Дулатов орыс шаруаларын қоныстандырудың қазақ жерін тарылтып, суын азайтып бара жатқанын айтып, патша өкіметінің жергілікті халыққа жасап отырған қысымын сынға алды. Бірақ Алаш зиялыларының бұл еңбектері кеңестік идеологияның цензурасына ұшырап, ғылыми айналымға түспей келді. Себебі онда қазақ этносы мен жүздердің шығу тарихы, 1917 жылы халық санағы алғаш жария етілген болатын. Мұндай деректердің ұлт үшін құндылығы маңызды болғандықтан идеологиялық саясаттың шеңберінен ұзап шыға алмады.

Шетелде эмиграцияда болған М. Шоқай да Түркістан өлкесін көп ұлтты аймақ ретінде қарастырып, патша өкіметінің басқару саясатын әшкерелеп, жер мәселесін көтереді. Оның талдау мақалаларында патша өкіметінің реформалары мен әлеуметтік-саяси жағдайлары және көші-қон мәселелері көрініс тапты. Ал Ресей зерттеушілері болса патша өкіметінің халықтар арасындағы қатынастарға тигізген зардаптардын жария еткенмен, оны терең қарастырмаған болатын. Мұндай еңбектер Г. Сафаров, П. Галузо, А. Сұлтан-Заде, С. Асфендияров, А. Донич сияқты ғалымдарда кездесті. Онда Түркістан өлкесіндегі отарлаудың көлеңкелі жақтары, орыс езгісіне түскен халықтардың, соның ішінде патша өкіметінің түпкі мақсатының қазақтарды ұлт ретінде жою мен орыстандыру саясатының құрбанына айналдыру екендігі көрсетілді.

Кейін бұл зерттеулер саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тарихшы Е. Бекмахановтың патша өкіметінің оңтүстік өңірді бағындыруға күш салғандығын, ондағы әскери-саяси, дипломатиялық әдістердің Қазақстандағы ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына әкеліп соқтырғандығын жария еткен құнды тарихи еңбектерге жалғасты. Орта Азия тарихын зерттеген ғалымдардың бірі Н. Халфин патша өкіметі Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу бағыттарында экономикалық және саяси астар жатқандығын көрсеткен [10.38].

ХХ ғасырдың 80-жылдары кезеңінде ҚР ҰҒА академигі М. Қозыбаев тарихи «ақтаңдақтар» туралы жаңа көзқараспен зерттеулер жазған болатын. Онда ауыл шаруашылығындағы ұжымдастыру, күшпен қоныстандырылған басқа халықтардың көздеген мүддесін ашып көрсетіп, шынайы бағасын беруге тырысады. Осы тұрғыда жаңаша зерттеулер жүргізу үшін ғалым Е. Бекмахановтың мұрағаттық деректемелік құжаттарынан мол мағлұматтар алуға болатынын жеткізеді. Мысалы, Қазақстанда мекендеген халықтардың даму динамикасы, тұрғындардың әкімшілік-аумақтық бөліктердегі үлес салмағы мен даму тенденциялары, этнодемографиялық жағдайлар, ішкі миграцияның көлемі, жыл мезгіліне байланысты болатын қазақ халқының көшпелі өмірі жайлы толыққанды мәліметтер тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың еңбектерінде кездеседі. Патша өкіметінің отарлау саясатының ащы шындығын тарихшы ғалымдар К. Нүрпейісов пен М. Қойгелдиевтер ашуға тырысты. Онда этносаралық қатынастар жағдайында орын алған жадидтік және жалпымұсылмандық қозғалыстар, Орта Азия халықтарының патша өкіметіне қарсы күресі, Алаш қозғалысы туралы жаңаша қырынан зерттелді.

Қазақстандағы этникалық ұлт өкілдерінің тарихын зерттеген Г. Канның еңбектерінде Жетісу аймағындағы корейлер туралы деректер кездеседі. Халықтарды Ресей жерінен қоныс аудару саясаты 1847-1916 ж. аралығын қамтиды. Осы тұста Жетісу облысына орыс казактары мен шаруалары қоныстана бастайды. Ең басты мақсат қазақ халқының сана-сезімін тұншықтыру мен ұлт-азаттық соғыстардың жолын кесу болды. Казак әскерлерінің құрамы алғашында орыс патшасының құлдығынан бас сауғалап қашқан шаруалар мен ұрылардан құралды. Кейін олар Ресей патшасының қызметіне кіріп, империяның басқа халықтарды отарлау саясатын жүзеге асыруға қатысады. Қазақ жеріне жүздеген орыс, украин, беларус шаруалары көшіп келе бастайды. Оның барлығы Сібірдегі заң актілерімен реттеліп, патша өкіметінің саясатын күшейте түседі. Патша өкіметі халықты әскери күшпен отарлап қана қоймай, рухани құлдыққа түсіруді көздеп, қазақ халқын шоқындыруды қолға алады. Қазақ халқын орыс ұлты мен мемлекетіне кіріптар етуді мақсат еткен болатын.

Мәселен, Қазақстанда тұратын ұйғыр халқы Жер шарының барлық континентінде өмір сүріп жатыр. Жалпы саны жарты миллионды құрайтын ұйғырлар ТМД елдері Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркменияда кездеседі. Осы санның жарты бөлігі өмір сүретін Алматы қаласында ұйғырларға арналған жалғыз театр мен басқа да мәдениет ошақтары жұмыс істейді. Республикалық телеарналар ашылып, «Атамұра», «Жазушы» сияқты баспаларда газет-журнал шығарылатын редакциялар жұмыс істейді. ҚР ҰҒА Шығыстану институтында Ұйғыртану орталығы, Қазақстан Жазушылар Одағы үйінде ұйғыр әдебиетінің секциясы қызмет істейді. Ұйғыр оқушылары бар мектептерде өз ана тілдерінде сабақтар жүргізіледі. Таза ұйғыр және аралас мектептердің саны 60-қа жуық болып келеді.

Қазақстанда республикалық деңгейде жарық көретін газеттермен қатар неміс, украин, кәріс, өзбек, ұйғыр тілдеріндегі басылымдар шығарылады. Мәселен, «Ұйғур авази» газетімен қатар ұйғыр тілінде «Дидар» журналы шығып тұрады. Республикалық қоғамдық-саяси «Уйғур авази» газеті 1957 жылдан бастап Алматы қаласында жарық көрді. Бұл басылым 1991 жылға дейін «Коммунизм туғи» деп аталды. Басылым Қазақстан халықтарының достығы мен бірлігін, бейбітшілік пен ұлттық келісімді сақтауды белсенді түрде қолдайды. Қазіргі таңда еліміздегі қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, мәдени орталықтар мен жекеменшік БАҚ-тардың пайда болғанына қарамастан, «Уйғур Авази» газеті әртүрлі аймақтар мен елдердегі, сондай-ақ континенттердегі ұйғырлардың қарым-қатынасына ықпал етіп, біріктіруші рөл атқарып келеді.

Әр жылдары газетті шығаруға Махамет Азизов (1957–1960), Ахметжан Маметов (1960–1971), Абдулла Машуров (1971–1979), Турдакын Назаров (1979–1987), Юлдаш Азаматов (1987–2012), Мухтаржан Жумаров (2012–2014) сияқты азаматтар қатысып, бас редакторлық қызметті атқарды. 2014 жылдан бастап басылымға Бас редактор болып Ершат Асматов тағайындалды.

Ғаламтордағы басылым сайты арқылы «Уйғур Авазиды» әлемнің 46 мемлекеті оқи алады екен. Бүгінгі таңда газеттің оқырмандарын жазушылар, ғалымдар, суретшілер және т.б. қамтиды. Сондықтан газеттің сүйікті және тұрақты оқырмандары: «Ұйғур авази» – шын мәнісінде біздің халқымыздың, барлығымыздың үніміз» [12], – деп жар салады.

Қазақстандағы саны жағынан көп диаспоралардың бірі – кәріс ұлты. Н. Назарбаев Қазақстанда тұрып жатқан кәрістер туралы ой қозғап, аталмыш ұлттың тарих салған тағдырға басын иіп жоғалып кетпей, керісінше ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай білгендігін жоғары мәртебе санады. Бұл халықтардың дәстүрлерін берік сақтап, оны одан әрі байытқандығын, сондай-ақ еліміздің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына да лайықты үлес қоса білгендігін атап өткен болатын [12.11].

Диаспораның ұлттық басылымдары «Ленин Кичи» және «Сэнбон» газеттерінің ізін жалғастырған «Коре Ильбо» газеті де корей мәдениетінің ірі ошағы ретінде қалыптасты. Газет 1923 жылы Қиыр Шығыста жарық көріп, кейін 1937 жылға дейін «Сэнбон» («Авангард») атауымен жалғасын тапты. Редакторы Ли Сэн болды. Газет 1978 жылы Қызылордадан Алматыға көшіріліп, республикалық басылымға айналады. 1991 жылы «Ленин кичи» газеті «Коре ильбо» (сөзбе-сөз аударғанда «Корей апталық журналы») деп атауын өзгертіп, айына бір рет жарық көретін халықаралық газетке айналады.

Бүгінгі таңда «Коре ильбо» газеті – ТМД-дағы корей диаспорасының ірі басылымдарының бірі. Корейлердің ең көне басылымы «Коре ильбоның» жарық көргеніне 2013 жылы 90 жыл толды. Олардың тарихы – шынайы ақиқат өмірдің бейнесі іспеттес. Оның әрбір шежіре беттері Қазақстанда тұратын барлық диаспоралардың игілігі болғандығы рас. Себебі басылым беттерінде кешегі ата-бабалары қоныс аударған Ресейдің Қиыр Шығыс тарихы мен корейлердің қиын кезеңдерде панасы болып, отанына айналған Қазақстанның тарихы қатар өріліп, баяндалады. Корей газеттерін әр жылдары Нам Ха Рен (1954-1998), Ян Вон Сик (1998-2008), Михаил Пак (2008-2010) сияқты ірі тұлғалар басқарған болатын. 2010 жылдан бастап «Коре ильбоны» талантты журналист Константин Ким басқарады [13].

Еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына неміс диаспорасы мен оның баспасөзі де қомақты үлес қосып келеді. 1966 жылы жарық көрген «Deutsche Allgemeine Zeitung» (DAZ) республикалық басылымы неміс этносына арналған жалғыз басылым болды. Кейін «Жаңғыру» деп аталатын Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктер Қауымдастығының меншігіне айналған басылым қазіргі таңда 12 бет болып, екі тілде, аптасына бір рет 2200 дана таралыммен жарық көреді. Басылым қазір тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағында тұратын неміс диаспорасына арналып шығарылады.

Интернетте газеттің электронды нұсқасы (www.deutsche-allgemeine-zeitung.de) бар. Қазір оқырмандар саны да арта түскен. Осы Интернет-парақша арқылы Германияда тұратын иммигранттармен рухани байланыстар орын алған. Басылымға «Ost-West-Panorama» және «Неміс жерлестері» газеттері, сондай-ақ техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамы (GTZ) әріптес ретінде қарайды. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат Министрлігінің қаржыландыруымен, сондай-ақ Германияның IFA-Институтының қолдауымен жарық көріп келеді.

Қазақстандағы этникалық басылымдардың бірі «Украински новини» ұлттық газеті ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 19 қаңтарындағы Қаулысына сәйкес Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары Министрлігіне тіркелді. Алайда газетті шығару үшін оның Бас редакторы, танымал лингвист Гаркавец Александр Николаевич

шығармашылық ұжымның жұмысын бастау үшін біраз тер төгіп, күш жұмсауға тура келді. Ол газет ісін жақсы білетін шығармашыл мамандарды табу үшін көп еңбектенді.

«Ахысканың» қазіргі Бас редакторы Ровшан Мамедоглы этнобірлестіктердің қызметтері туралы ақпарат алмасу жағдайын жақсарту үшін барлық этникалық БАҚ-тарды біріктіруді маңызды деп санайды. Газеттің таралымы 2015 жылы 2550 данаға дейін жеткен. Басылымның 2005 жылғы бір жылдық санында Мубарис Рустамоглы Ибрагимовтың «Глубокие корни» деп аталатын тарихи очерктер циклы жарияланды. Онда Иран мен Анадолы аумағында тұңғыш түрік мемлекетін орнатқан селжүк түріктерінің тарихы баяндалған. Очерк Қазақстанда өмір сүріп жатқан түріктердің алпыс жылдығына арналғандығымен ерекшеленді. Газеттің 2005 жылғы қараша айындағы санында белгілі түріктанушы, «Ахыска» газетінің тұрақты авторы, Әл- Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің профессоры Фадли Фазилұлы Әлидің тарихи мақаласы жарық көрген. Мақала жаңа сипаттағы түрік мемлекеті – Түркия Республикасының негізін қалаушы әрі оның Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік туралы жазылған [14]. Мақаланың мазмұны өте терең, тілі орамды болып келеді. Онда Мұстафа Кемал Ататүріктің өмірі мен қызметі тарихи деректер арқылы ақпараттар негізінде жүйеленеді. Көлемі ықшамдалып жазылған мақаланың мазмұны мен идеясы оқырман зердесіне оңай жетеді. Мақаланың соңында «Ататүрік рухы қалпында қалды!» деген ерекше эмоционалдық реңк пен көтеріңкі көңіл айырықша сезіледі.

Қорытынды

Этникалық журналистика халықтың өзін-өзі тану, мәдени ерекшеліктерін сақтау және оны дамытуды жүзеге асыратын этникалық болмысқа қатысты қызмет атқаратын бұқаралық ақпарат құралдарының бірі. Әдетте, оны этностар тіліндегі журналистика деп те атайды.

Зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты И. Блохин этникалық журналистиканы Ресейдің геосаяси даму факторы ретінде қарастырып, оның екі жақты сипатқа ие болатындығын дәлелдейді. Біріншіден, Ресейден басқа да елдерде тұратын халықтардың мәдениеті мен этносаралық іс-қимыл әрекеттеріне байланысты ақпарат тарататын журналистика ретінде атап өтеді. Екіншіден, Ресейде тұратын этникалық азшылық топтың ұлттық тілінде жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдары мен орыс тілінде де шығатын диаспоралардың журналистикасына қатысы бар журналистика деп бағалайды. Мұндай жағдайда журналистік қызметтің мақсаты түрлі мәдениеттердің ерекшелігін айқындап, этностардың бірігуі мен ұлттық мәдениетті сақтауға жұмылдыру болып саналады.

Этникалық журналистика ұлттық топтар басым түскен өңірлерде, ұлттық тіл мен тіл тасымалдаушылары сақталған мектептер мен діни қоғамдастықтар, ұлттық тілде хабар тарататын телерадио орталықтары бар жерлерде көрініс табады. Оның мазмұны этникалық мәдениеттер мен жалпы ұлттық және ұлтаралық қарым-қатынасқа қызығушылық танытатын аудиторияға арналады [1.133].

Ресей Федерациясында көпэтносты азаматтық қоғамды қалыптастырудағы этникалық БАҚ орны мен рөлінің маңызы зор болды. Мәскеу қаласында «Татарские

новости» (1993), «Караимские вести» (1994), «Ноев ковчег» (1997), «Панорама Дагестана» махачкалинский апталық газеті (1998), Уфимский журнал «Ватандаш» (1995), Екатеринбургская газета «Уралтау» (1995) және т. б. газеттер жарық көрді.

Қазіргі таңда Қазақстанда этникалық 15 тілде жарық көретін БАҚ құралдары бар.

Соның ішінде 34 газет пен 26 сайт этникалық бірлестіктерге қарайды.

Қазақстандық БАҚ-тағы этносаралық қатынастар тақырыбының көрініс табуы азаматтық қоғамды қалыптастыру мақсатында «Бір ел – бір тағдыр» мүддесін көздеудің маңызын арттыра түседі. Осы тұрғыда елімізде тұратын барлық этнос өкілдерінің құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етіліп, рухани құндылықтары жан-жақты дамуға бет алады.

Осы ретте XXI ғасырдың басты мәселелерінің біріне айналған ұлтаралық келісімдердің берік іргетасын қалауға ықпал ететін Қазақстан халықтарының Ассамблеясының үлесі зор. Еліміздегі этникалық топтар мен басқа да халықтардың біртұтастығы олардың тілдегі, тұрмыстағы ерекшеліктеріне қарамастан елімізді туған отанындай сезінетінінен көрінеді. Түрлі саяси жағдайларға байланысты қазақ жеріне қоныс аударған орыс, поляк, корей, неміс, украиндар аз уақыт ішінде жергілікті тұрғындарға айналып, қазақ халқының салты мен дәстүрін қабылдап, тілін де тез үйреніп алды. Қазақ халқы олардың техника, медицина, білім беру, өнер, мәдениет салаларының ерекше тұстарына назар аударып, тәжірибе алмаса бастады.

Сондықтан еліміздегі этностардың өткен тарихын қайта зерделеп, олардың өткен жолдарын жаңаша көзқараспен ғылыми талдаулар арқылы бағалаудың маңызы айырықша бола түседі. Себебі бұған дейінгі еңбектерде біржақты қарастырылған тарихи оқиғаларға объективті баға берген ғалымдарымыздың еңбектерінің нәтижелері этносаралық және конфессияаралық келісімдерді нығайтуға көмегін тигізетіні сөзсіз. Қазіргі таңда бұған дейін жинақталған деректі материалдарды ғылыми айналымға енгізе отырып, оны тереңірек зерттеу қажет.

Әсіресе, патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы жеке аймақтар, мысалы Түркістан өлкесіндегі этносаралық қатынастарды зерттеуге тарих ғылымдарының докторы Дана Мұқатова сияқты ғалымдарымыздың үлес қосқаны белгілі. Оның ғылыми зерттеулеріне сүйенсек, Түркістан өлкесі туралы зерттеулер революцияға дейін, кеңестік дәуір, тәуелсіздік алғаннан кейін деп үш кезеңге бөліп қарастырылған. Революцияға дейінгі тарихи құжаттарда халықтың саны тек әкімшілік статистикасының негізіндекөрсетілген. Бірақ оған қарамастан 1868 жылғы реформалы саясаттан соң белгілі болған халық саны жарияланған құнды құжаттар жарық көре бастайды. Мәселен, оған М. Венюков, Н. Васильев, М. Юдин, Л. Мейер, Л. Черман, П. Небольсин т.б. орыс ғалымдардың еңбектері дәлел бола алады [13.22].

Зерттеу мақалада этнопублицистиканың тарихи даму негіздері көпэтносты қоғамдағы этносаралық қатынас пен этномәдени ерекшеліктер арқылы талданды. Қазақстандағы ұлттық саясатты жүзеге асыру жолында этнокөсемсөздің алатын орнын айқындау үшін

«Ахыска», «Давар», «Наири», «Коре Ильбо», «Уйғур авази» сияқты басылымдар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Қорыта айтқанда, этникалық БАҚ-тың әралуан тақырыптарды қозғап, бірнеше сипаттарға ие болатындығын байқадық:

– Басылымдардың басты құрылтайшылары мемлекеттік құрылымдар болып саналады;

– Қазақстанда этникалық баспасөздің дамуына түрлі мәдениеттерді қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар әсер етеді;

– Ұлттық этникалық БАҚ-тарды ұлттық бірлестіктер мен қауымдастықтар қолдайтындығын байқаймыз;

– Этникалық басылымдардың көтеретін тақырыптарының жыл сайын мазмұндық жағынан арта түсетіндігі байқалды.

Кейбір мәліметтерде ресми ақпараттар көп кездессе, кей тұстарда мазмұны жағынан әртүрлі жанрларға жататын жарияланымдарға орын беріледі. Сонымен қатар кейбір этникалық басылымдарда оқырмандарға қатысты белгілі бір этникалық дағдарыстар пайда болды. Оған кей тұстарда тілдік ахуалдың теріс динамикасы мен ана тілін қолдану мәртебесінің төмендеуі әсер ететіндігі анық. Оған қоса кәсіби мамандар мен журналистердің жетіспеушілігі, ұлттық басылым тираждарының қысқаруы этникалық БАҚ-тың дамуын тежеді десек болады.

Этникалық ұлттық басылымдардың басты миссиясы – ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің сан алуан палитрасын тоғыстыра отырып, мәдениетаралық диалогты дамытуға ұмтылыс таныту. Сондықтан этникалық БАҚ арқылы мәдениеттердің толыққанды диалогын құру үшін мемлекет тарапынан арнайы мүмкіндіктер жасалған орынды деп санаймыз. Этникалық БАҚ-тың даму мәселелері әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Еліміз Тәуелсіздік алған соң мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде этносаралық мәселе өзекті бола түседі. ҚР Атазаңында: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы» деп көрсетілген. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблея еліміздегі саяси тұрақтылық пен этносаралық келісімді растайтын институтқа айналды. Этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім арқылы мемлекет құрушы ұлт қазақ халқының дәстүрі мен дініне, оның тарихы мен мәдениеті арқылы қалыптасты. Қазақ жерінде 130-ға жуық ұлттар мен ұлыстар бір халық ретінде топтасты. Оның 60-тан астамы күштеп жер аударылған болатын.

Мәселен, Қазақстанның «Ел бірлігі доктринасында»: «Жаңа тарихи кезеңде мемлекетіміз Қазақстанға өзінің асқақ есімін берген қазақ халқының алдында ұлтты ұйыстырудың алтын діңгегіне айналу жөнінде жаңа тарихи міндет тұр» [15], – деп жазылған. Қазақ халқы өзінің ұлттық төзімділігімен, қонақжай, ашық, адамдарды ажыратпайтын, қарым-қатынасқа даяр екендігімен ерекшелене түседі. Адамзат тарихында депортацияға ұшыраған халықтар басқа елді мекенде жат элемент ретінде есептелген. Ал Қазақстан болса, керісінше мәжбүрлікпен қоныс аударған халықтарды шет қақпаған. Қайта бауырына басып, олардың екінші Отанындай сезіндіре білген. Қазақстан Республикасының тәжірибесі әлем елдеріне де үлгі болған. Себебі, олар мұндай этносаралық және конфессияаралық келісімді ұзақ уақыт бойы іздеген.

ГФР Ішкі істер министрлігінің Қоныс аударушылар мен аз ұлттар жөніндегі өкілінің деректері бойынша, «2006 жылы 6 ай ішінде Германиядан Қазақстанға 1500

этникалық неміс көшіп келген. Ал 2001 жылы Ресейден 200 мыңнан астам орыс қайта оралған. Сондықтан бүгінгі таңда әлемнің бірнеше мемлекеті көпэтникалық қоғамдық үйлесімді өмір сүрудің үлгісін қамтамсыз еткен қазақстандық үлгіні жоғары бағалап, оның тиімділігін мойындайды. Қазақстан осы тұрғыда келгенде көп ұлтты мемлекет ретінде жанжалдарды болдырмайтындығын көрсете білді. Этносаралық келісімнің тұжырымдамасы жасалып, этносаясаттың ережелері ұсынылды [16].

Қазіргі Қазақстандағы этносаясат бес ұстанымға бағытталады. Біріншіден, этностың діни-мәдени, тілдік саналуандық байлығы болып саналады. Екіншіден, еліміздегі этностардың мәдениеті мен тілін дамыту үшін барлық жағдай жасалған. Үшіншіден, ұлттық басты құндылықтар төзімділік пен жауапкершілік болса, төртіншіден қоғамдағы біріктіруші рөл қазақ халқына тиесілі болады. Осы ұстанымдардың барлығы «әралуандықтағы бірлікке» бағыт алған этносаралық және конфессияаралық ерекшеліктерді құрайды [17]. Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы Президент Жарлығымен қабылданған. Онда ұлттық-мәдени бірлестіктердің мәртебесі белгіленді. Осы орайда еліміздегі этнопублицистиканы қалыптастыру этностар арасындағы қоғамдық келісімді, тұрақтылықты, бірлік пен достықты сақтай отырып, этносаралық саладағы саясатты нығайтудың берік тетіктерінің бірі болып саналады. Оның басты ұстанымы «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл бақыт Ел үшін» қағидасына саяды. Осы тұрғыда келгенде Қазақстан бейбітшіліктің бесігі, мәдениеттер мен діндер диалогына арналған алаң болып қала бермек!

Әдебиеттер тізімі

1. Блохин И. Этнологическая культура журналиста. //Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2008. – Сер. №9, Вып, ч. 2. – 302 с.

2. Куценко И. Уроки этнопублицистики. – Москва: Эра. - 2000. - 360 с.

3. Блохин И. Журналистика в этнокультурном взаимодействии. – Санкт-Петербург, - 2005. 260 с.

4. Williams, M. H. (2012). Multiculturalism and ethnic politics through the work of william safran. The Multicultural Dilemma: Migration, Ethnic Politics, and State Intermediation. – New York, 10017, 288 p.

5. Downing, J. D. (1996). Internationalizing media theory. Peace Review, 8(1), 113-117.

6. Banaji, S. (2018). Vigilante publics: Orientalism, modernity and Hindutva fascism in India. Javnost-The Public, 25(4), 333-350.

7. Айталы А. Жастардың этно-мәдени таңдауы: сабақтастық пен қайшылықтар. //Ақиқат, 1999. №6, 20-23 бб.

8. Гумбольдт В. О различии организмов человеческого языка и о влиянии этого различия на умственное развитие человеческого рода. – Санкт-Петербург, 1859. – 366 с.

9. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.

10. Айтпаева А. Қазақ, орыс, неміс бесік бұйымы және әлем бейнесі //ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. 2006. №8-9. 3-5 бб.

11. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994. -80 б.

12. Уйғур авази газеті, Уйғурчә йер-су намлири һәққиндә. №16 (7872) 19-апрель, пейшәнбә 2018.

13. Мұқатова Д. Этносаралық қатынас тарихнамасы. //Достық–дружба, №1. 2017. 94-98 бб.

14. «Ахыска» газетіне –15 жыл». //Егемен Қазақстан, 24 қараша 2015.

15. Қазақстанның Ел бірлігі доктринасы. [Электронды ресурс] URL: http: inform.kz/kaz /article /2263392. (қаралған күні: 24.01.2024)

16. Тоғжанов Е., Кан Г., Н. Калашникова. Қазақстан Ассамблеясы: жиырма жылдық тарих. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2015. -342 б.

17. Қазақстан халқы Ассамблеясы – Ел тарихында / Е. Тоғжановтың жалпы редакциясы. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2013. -266 б.

References

1. Blohin I. Etnologicheskaya kultura zhurnalista [The ethnological culture of a journalist]. (Bulletin of St. Petersburg University. Is №9, Part 2. 2008. – P. 302). [in Russian]

2. Kuzenko I. Uroki etnopublizistiki [Lessons of ethnopublicistics]. (Moskva: Era. 2000. P. 360). [in Russian]

3. Blohin I. Zhurnalistika v etnokulturnom vzaimodejstvii [Journalism in ethno-cultural interaction]. (– Sankt-Peterburg, 2005. P. 260). [in Russian]

4. Williams, M.H. Multiculturalism and ethnic politics through the work of william safran. (The Multicultural Dilemma: Migration, Ethnic Politics, and State Intermediation. New York, 711 Third Avenue, New York, NY 10017, 2012. P. 288).

5. Downing, J. D. Internationalizing media theory. Peace Review, 8(1), 1996. 113-117.

6. Banaji, S. Vigilante publics: Orientalism, modernity and Hindutva fascism in India.(Javnost- The Public, 25(4), 2018. P. 333-350).

7. Aitaly A. Zhastardyn etnomadeni tandauy: sabaktastyk pen kaishylyktar [Ethno-cultural choice of young people: continuity and contradictions], Akikat, 6. P. 20-23 (1999). [in Kazakh]

8. Gumboldt V. O razlichii organizmov chelovecheskogo yazyka i o vliyanii etogo razlichiya na umstvennoe razvitie chelovecheskogo roda [On the difference between the organisms of the human language and the influence of this difference on the mental development of the human race]. – Sankt-Peterburg, 1959. S 13-16). [in Russian]

9. Kaidar A. Kazak tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. (Almaty: Ana tili, 1998. P. 304). [in Kazakh].

10. Aitpaeva A. Kazakh, orys, nemis besik byiymy zhane alem beinesi [Kazakh, Russian, German cradle and image of the world]. Bullettin of Kazakh national university. Filologiy. 2006. №8-9. P. 3-5). [in Kazakh]

11. Kenzheahmetyly S. Kazaktyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Kazakh people]. (– Almaty: Ana tili, 1994. P. 80). [in Kazakh]

12. Uigur avazi gazeti, Uigurcha zher-su namliri hakynda [Uyghur Avazi newspaper, about Uyghur place names]. (№16 (7872) 19-aprel, peishanba, 2018). [in Uigur]

13. Mukatova D. Etnosaralyk katynas tarihnamasy [Historiography of interethnic relations]. (Dostyk–druzhba, №1. 2017.P. 94-98). [in Russian]

14. «Ahyska» gazetine –15 zhyl» [Ahyska newspaper-15 years old]. (Egemen Kazakstan newspaper, 24 november, 2015). [in Kazakh]

15. Kazakstannyn El birligi doktrinasy [The doctrine of national unity of Kazakhstan]. [Electronic resorse]. Available at: http: inform.kz/kaz/article/2263392. (Accessed: 24.01.2024) [in Kazakh]

16. Togzhanov E., Kan G., N. Kalashnikova. Kazakstan Assambleyasy: zhiyrma zhyldyk tarih [Assembly of Kazakhstan: twenty years of history]. (– Almaty: Qazaqparat, 2015. P. 342). [in Kazakh]

17. Kazakstan halky Assambleyasy – El tarihynda [Assembly of people of Kazakhstan – in the history of the country] E. Togzhanovtyn zhalpy redaksiyasy. (– Almaty: KAZakparat, 2013. P. 266). [in Kazakh]

N. Danayeva, Zh. Mergengali

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Fundamentals of historical development of ethno-publicism in Kazakhstan

Abstract. In the article, the authors reveal the substantive nature of the ethnic press by examining its evolutionary process, verifying its existence through scientific methods, and pinpointing its social and practical functions. The authors focus on the emergence of situations in the context of globalization that are contrary to the preservation of national interests and national values, as well as revealing the significance of the ethnocultural sphere. Our country's ethnic peoples share ethnocultural, political-social, and economic connections.

The purpose and objectives of the research article are to reveal the socio-political, historical, and substantive nature of ethnopublicism, draw scientific and theoretical conclusions, and give its definition. The foundations of the historical development of ethnopublicism are analyzed through interethnic relations and ethnocultural characteristics in a multiethnic society. In order to determine the place of ethnopublicism in the implementation of national policy in Kazakhstan, publications such as "Ahiska," "Davar," "Nairi," "Kore Ilbo," and "Uigur Avazi" are the objects of research.

The article comprehensively examines the works of scientists who previously studied the field of ethnopublicism, which is not a separate object of study, as a genre. A research system to find a solution to a problem allows us to take a deeper look at the nature of tradition and novelty.

Previously, the content and applied activities of ethnopublicism were reflected in the press, television, and radio. From a thematic point of view, we can say that the author created and studied a new scientific concept. And ethnopublicism, which is a separate type of genre, is undergoing scientific differentiation for the first time.

Key words: ethnic publications, ethnopublicism, interethnic relations, multiethnic society and ethnocultural characteristics, ethnoconvergence.

Н.Т. Данаева, Ж.К. Мергенгали
Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Основы исторического развития этнопублицистики в Казахстане

Аннотация. Раскрытие содержательной характера этнической прессы в статье осуществляется автором путем изучения ее эволюционного феномена и научного констатирующего существования и выявления ее социально-практической деятельности. Автор акцентирует внимание на возникновении в условиях глобализации ситуаций, противоречащих сохранению национальных интересов и национальных ценностей, на раскрытии значимости этнокультурной сферы. Этнокультурные, политико-социальные, экономические связи между этническими народами нашей страны.

Цель и задачи научно-исследовательской статьи – раскрыть общественно-политический, историко-содержательный характер этнопублицистики, сделав научно-теоретические выводы и дав ее определение. Основы исторического развития этнопублицистики анализируются через межэтнические отношения и этнокультурные особенности в полиэтническом обществе. В качестве объекта исследования рассматриваются такие издания, как «Ахыска», «Давар», «Наири», «Коре Ильбо», «Уйгур авази», чтобы определить место этнопублицистики на пути реализации национальной политики в Казахстане.

В статье всесторонне рассматриваются труды ученых, которые ранее изучали сферу этнопублицистики, не являющимся отдельным объектом изучения, как жанр. Система исследований, проводимых с целью поиска решения проблемы, позволяет глубже рассмотреть характер традиции и новизны.

Ранее содержание и прикладная деятельность этнопублицистики нашли отражение в прессе, на телевидении, радио. С тематической точки зрения можно сказать, что автором была создана и изучена новая научная концепция. А этнопублицистика, являющаяся отдельным видом этого жанра, впервые проходит научную дифференциацию.

Ключевые слова: этнические публикации, этнопублицистика, межэтнические отношения, полиэтническое общество и этнокультурные особенности, этноконвергенция.

Авторлар туралы мәлімет:

Данаева Н. **–** докторант, аға оқытушы, Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Мергенгали Ж. **–** магистрант, Журналистика факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Danayeva N. **–** Phd student, Senior Lecturer, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Mergengali Zh. **–** Master's student, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.